№ 6-182 от 09.04.2025

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
МЕМЛЕКЕТТІК МҮЛІК ЖӘНЕ
ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ КОМИТЕТІНІҢ
**БАТЫС ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК
МҮЛІК ЖӘНЕ ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ
ДЕПАРТАМЕНТІ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ**

**ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКИЙ
ДЕПАРТАМЕНТ ГОСУДАРСТВЕННОГО
ИМУЩЕСТВА И ПРИВАТИЗАЦИИ**
КОМИТЕТА ГОСУДАРСТВЕННОГО
ИМУЩЕСТВА И ПРИВАТИЗАЦИИ
МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

090006, Орал қаласы, Н.Назарбаев даңғылы, 208
тел.: 8 (7112) 50-47-53; т/факс: 53-42-35
e-mail: kadry.kgipzko@minfin.gov.kz

090006, город Уральск, проспект Н.Назарбаева, 208
тел.: 8 (7112) 50-47-53; т/факс: 53-42-35
e-mail: kadry.kgipzko@minfin.gov.kz

**«Saltanat» ЖК-нің басшысы
Ә.А. Садуақасқа**

Батыс Қазақстан мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті (бұдан әрі – Департамент) "Бәйтерек аудандық қазынашылық басқармасы ғимаратына ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу" конкурсының біліктілік талаптары бойынша ескертулермен келіспеу туралы Сіздің 2025 жылғы 3 сәуірдегі № 251551 шағымыңызды қарап, көрсетілген дәлелдер расталмағандығын хабарлайды.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының (бұдан әрі - Қағида) 206-бабының 1-тармағына сәйкес "Әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға өтінімдерді біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келтіргеннен кейін, егер: ол және (немесе) ол тартатын қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) біліктілік талаптарына және Заңда және осы Қағидаларда айқындалған негіздер бойынша конкурстық құжаттаманың шарттарына сәйкес емес деп айқындалса конкурсқа қатысуға жіберілмейді.

Қазақстан Республикасы "Мемлекеттік сатып алу туралы" Заңының (бұдан әрі - Заң) 11-бабының 1 тармақ 4-тармақшасына сәйкес "Әлеуетті өнім берушілерге мынадай біліктілік талаптары қойылады: шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық, еңбек және қаржы ресурстарының болуы, сондай-ақ жұмыскерлер алдында жалақы төлеу бойынша мерзімі өткен берешектің болмауы.

Заңның 11 бабының, 4-тармағына сәйкес "Әлеуетті өнім берушінің және (немесе) тартылатын қосалқы мердігердің (бірлесіп орындаушының) осы бапта белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігі тапсырыс берушіге, ұйымдастырушыға, бірыңғай ұйымдастырушыға осы Заңда және мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында көзделген тиісті құжаттарды ұсыну

Дата: 09.04.2025 18:00. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

арқылы не Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелері арқылы расталады".

Сондай-ақ, Қағиданың 71-тармағына сәйкес "Конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу шеңберінде шарттық міндеттемелерді орындау үшін қажетті материалдық және еңбек ресурстары осы Қағидаларға сәйкес біліктілік талаптарында көрсетіледі".

Бұдан басқа, Қағидалардың 76-тармағына сәйкес "Егер конкурстық құжаттамада материалдық ресурстардың болуы жөніндегі талап қамтылған жағдайда, онда мұндай талапқа сәйкестік материалдық ресурстардың меншік немесе жалға алу құқығын растайтын құжатпен жүзеге асырылады. Материалдық ресурстарды жалға алған жағдайда қосымша жалдау шартының электрондық көшірмесі ұсынылады. Бұл ретте, шарттар бойынша жалдау мерзімі конкурстық құжаттамада белгіленген қызметтерді көрсету, жұмыстарды орындау мерзімінен кем емес".

Сонымен қатар, Қағидалардың 78-тармағына сәйкес "Егер конкурстық құжаттамада еңбек ресурстарының болуы жөніндегі талап қамтылған жағдайда, онда еңбек ресурстарының болуы қызметкердің біліктілігі туралы құжаттың электрондық көшірмесімен, сондай-ақ қызметкердің электрондық цифрлық қолтаңбасы не еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесі арқылы расталады".

Еңбек ресурстары конкурстық құжаттамаға 12-қосымшаның 4-тармағына сәйкес көрсетіледі "Қызметкерлердің Т. А. Ә. (бар болса); біліктілігі туралы құжат (білімі туралы дипломның, сертификаттың, аттестаттың және т. б. нөмірі мен Берілген күнін көрсету, олардың электрондық көшірмелерін қоса беру), қызметкердің электрондық цифрлық қолтаңбасы не еңбекті есепке алудың бірыңғай жүйесі арқылы расталады".

Осылайша, әлеуетті өнім берушілерге конкурстық құжаттаманың 11-қосымшасына сәйкес еңбек ресурстарының болуы туралы біліктілік талаптары қойылды, атап айтқанда: 1 бірлік участке бастығы-прораб; 3 бірлік жұмысшы құрылысшылар.

Сіздің конкурстық өтініміңізді зерделей отырып, біліктілік талаптарында көрсетілген 3 бірлік жұмысшы-құрылысшылардың біліктіліктері туралы (білімі туралы дипломның, сертификаттың, аттестаттың және т. б. нөмірі мен электрондық көшірмелері) құжаттардың бекітілмегендігі анықталды.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде Департамент Сіздің шағымыңызды қанағаттандырудан бас тарту туралы шешім қабылдады және өтінім конкурста көзделген біліктілік талаптарын сақтамай берілгенін хабарлайды.

Сонымен қатар, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің 91-бабына сәйкес қатысушы әкімшілік (сотқа дейінгі) тәртіппен әкімшілік актіні қабылдауға байланысты емес әкімшілік актіге, әкімшілік әрекетке (әрекетсіздікке) шағым жасауға құқылы.

Барлық туындаған сұрақтар бойынша 53-42-36 нөміріне хабарласуыңызға болады..

Басшының міндетін атқарушы **Мулдашева Ж.**

Дата: 09.04.2025 18:00. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

✍ С. Қажнияз ☎53-42-36

Согласовано
09.04.2025 17:49 Джуламанова Айдана Эбдушевна

Подписано
09.04.2025 17:50 Мулдашева Жаннат Нукеновна

Дата: 09.04.2025 18:00. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

Тип документа	Исходящий документ
Номер и дата документа	№ 6-182 от 09.04.2025 г.
Организация/ отправитель	ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКИЙ ДЕПАРТАМЕНТ ГОСУДАРСТВЕННОГО ИМУЩЕСТВА И ПРИВАТИЗАЦИИ
Получатель (-и)	ДРУГИЕ
Электронные цифровые подписи документа	Согласовано: Джуламанова Айдана Эбдушевна без ЭЦП Время подписи: 09.04.2025 17:49
	Государственное учреждение "Западно-Казахстанский департамент государственного имущества и приватизации Комитета государственного имущества и приватизации Министерства финансов Республики Казахстан" Подписано: МУЛДАШЕВА ЖАННАТ MIITlAYJ...y7WR6J2ne Время подписи: 09.04.2025 17:50
	Государственное учреждение "Западно-Казахстанский департамент государственного имущества и приватизации Комитета государственного имущества и приватизации Министерства финансов Республики Казахстан" ЭЦП канцелярии: КАДРАЛИЕВА ДИНАРА MIITxAYJ...6S3T3gPTu Время подписи: 09.04.2025 17:52

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи», удостоверенный посредством электронной цифровой подписи лица, имеющего полномочия на его подписание, равнозначен подписанному документу на бумажном носителе.

Дата: 09.04.2025 18:00. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП